БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 204 (9266) | 1953 жылғы 7 октябрь Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Картоп пен овощьты өсіруді кеңінен механикаландыру және озат агрономиялық тәсілдерді қолдану негізінде бұл дақылдардың шығымдылығын едәуір арттыру—картоп және овощь өндірісіндегі басты міндет.

Әрбір колхоз бен совхозда картоп пен овощьтың мол болуына жетісейік

КСОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы таяудағы 2-3 жылдың ішінде картоп пен овощь өндірісін, қалалар мен өнеркәсіп орталықтары халқының, өңдеуші өнеркәсіптің қажетін ғана емес, оның үстіне мал шаруашылығының картоп жөніндегі қажетін толық қанағаттандырарлықтай мөлшерге жеткізу міндетін қойды. Пленум қойған бұл талапқа сәйкес, ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті «1953—1955 жылдары колхоздар мен совхоздарда картоп пен овощь өндіруді және дайындауды арттыру шаралары туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулыда ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті картоп пен овощь өндіруді онан әрі өркендету, осы дақылдар жөнінде халықтың өсіп отырған тілегін толық қанағаттандыру үшін, тамақ өнеркәсібін шикізатпен қамтамасыз ету үшін аталған дақылдардың шығымдылығын арттырып, жалпы және товарлы өнімін онан әрі молайту ісіне зор маңыз беріп, бірқатар шаралары белгіледі.

Облыстың колхоздары мен совхоздарында картоп пен овощь өнімдерін молайта беруге керекті күш-мүмкіншіліктердің бәрі де бар. Озат колхоздар мен совхоздар сол мүмкіншіліктерді пайдалана отырып, картоптан, капустадан, помидордан, қыярдан, қарбыздан және басқа дақылдардан мол өнім алып келеді. Мәселен, быйыл Ленин ауданындағы Молотов атындағы колхозының мүшелері капустаның әрбір гектарынан 175 центнерден өнім жыйнады. Соколов ауданындағы Ленин атындағы колхозда 5,5 гектар қыярдан 400 центнер, 1,25 гектар помидордан 55 центнер, 2 гектар капустадан 300 центнер өнім алып, овощь өнімдерін сатудан ғана колхозға 72 мың сом ақшалай табыс енгізді. Октябрь ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозы қарбыздың әрбір гектарынан 200 центнер өнім жыйнады. Сол сияқты Приешім ауданындағы Каганович атындағы колхоз да картоптан мол өнім жыйнауда.

Дегенмен, облыстың көптеген колхоздары мен совхоздарында картоп пен овощь дақылдарының шығымдылығы өте төмен болып отыр. Мұның басты себебі—оларда картоп, овощь өнімділігін арттырудағы озаттардың іс тәжірибелері өндіріске қанағаттанғысыз енгізіледі. Картоп көктемде өте кеш және дайын болмаған, тыңайтылмаған жерге отырғызылады. Егіс алаңына шығымдылығы төмен туқымдар себіледі. Аудандары картоп пен овощь жыйнауды көп уақыт кезекке қойып, кешіктіріп келді. Осының салдарынан картоп өнімдерін жыйнау жоспары 5 октябрьге дейін облыс аудандары бойынша небары 60,7 процент орындалды. Ал, мемлекетке картоп өнімдерін тапсыру жоспары 70,5 процент ғана орындалды. Картоп өнімдерін жыйнауда, әсресе, Ленин, Соколов, Приешім аудандары кешіргісіз артта қалып отыр. Бұларда осы уақытқа дейін егілген картоптың жартысы да жыйналмаған. Мұның себебі — картоп жыйнау жұмысына бар мүмкіншіліктер пайдаланылмай отырғанында, бұл іске колхоздар мен МТС басшыларының жете мән бермейтіндігінде екендігін айта кету қажет.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің жоғарыда аталған қаулысында 1954 жылы колхоздарда картоп пен овощь егістерінің көлемін едәуір ұлғайтуды және әрбір гектардан кемінде 140 центнер картоп, 175 центнер капуста, 110 центнер қыяр, 135 центнер помидор алуды белгіледі. Картоп пен овощь дақылдарынан бұл мөлшерде өнім алуды қамтамасыз ету жақсы сортты туқымдарды жеткілікті әзірлеуді талап етеді. Ал, картоп туқымын дайындаудың ең қолайлы айы—сентябрь еді. Өйткені, сентябрь айында картоп құрғақ болады, сондықтан жақсы сақталады. Бірақ, амал қанша облыста бірде-бір аудан келесі жылдың картоп егісі үшін керекті туқымды сентябрь айында толық жыйнап ала алмады. Тіпті Совет, Преснов, Октябрь, Мамлют аудандарының колхоздары картоп туқымын жыйнау, оны кептіріп, тазарту жұмыстарына әлі кіріскен де жоқ. Картоп пен овощьты көп егетін қалаға іргелес Петропавл, Соколов аудандарының колхоздары бойынша туқым күю жөніндегі жоспар жартылай да орындалмаған.

Картоп пен овощь өндіруді арттыру міндеті—ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудегі негізгі міндеттердің бірі ретінде қойылып отырғанда, оларды жыйнау және дайындау, келесі жылдың картоп пен овощь дақылдарының егістері үшін жақсы сортты туқым күю жұмыстарындағы мұндай кемшіліктерге төзуге болмайды. Сондықтан колхоз бен совхоз басшылары картоп және овощь жыйнайтын бригадаларға, адам, көлік және машина күшін барынша көп бөліп, жұмыс қарқынын арттырудың ұйымдастырулары керек.

ОВОЩЬТАН 75 МЫҢ СОМ ТАБЫС

Соколов ауданында Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінің Белов жолдас басқаратын овощь өсіру бригадасы овощьтан мол өнім алу жолында ойдағыдай күрес жүргізді. Олар овощь егісінің агротехникалық ережелерге сай балтан-күтілуіне ерекше көңіл бөлді.

Бригада мүшелерінің жаз бойғы қажырлы еңбегі өз нәтижесін берді. Овощьтан мол өнім жыйналуда. Мәселен, қыярдың әр гектарынан 80 центнер, помидордан 45 центнер, капустадан 150 центнер, қарбыз бен қауыннан 60 центнерден өнім алынды.

Колхоз кәзірдің өзінде овощь өнімдерін сатудан 75 мың сом пайда келтірді. Сонымен бірге, мұнда колхозшылардың еңбеккүндеріне аванса бөлуге 2 тонна помидор, 3 тонна қыяр тұздалды.

Бригада мүшелері ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «1953—1955 жылдары колхоздар мен совхоздарда картоп пен овощь өндіруді және дайындауды арттыру шаралары туралы» қаулысына жауап ретінде келесі жылғы овощь егілетін алаңның көлемін кәзіргіден біржарым есе ұлғайтуға және одан мол өнім алу арқылы колхоздың ақшадай табысын быйылғыдан да арттыру шараларын қарастырып отыр.

Х. РАХМАТУЛЛИН.

Жаңа құрылыс

Приешім ауданындағы Ленин МТС-не қарасты колхоздарда құрылыс жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде.

«Новая жизнь» колхозында үстіміздегі жылы 200 кісілік жаңа клуб, колхоз басқармасының кеңсесі және 150 бас жылқы тұратын қора салынды.

Сол сияқты, «Семеновод» колхозында да осындай жаңа клуб пен колхоз басқармасы кеңсесінің құрылысы аяқталды.

«Бостандық» колхозында бастауыш мектеп үйі жанына қосымша үй салынды.

Ауыл-селоға барып, жұмыс істеуге тілек білдірген ауыл шаруашылығы мамандарының бір тобы.

СУРЕТТЕ: (Солдан оңға қарай) **К. Стариков** — былғары заводының кочегарі, Қалиқан **Садуақасов** —«Главторгодежда» қоймасының меңгерушісі, **Т. Терновых** — аяққиім фабрикасының кочегарі, **Н. Балашов**—Облыстық ауылшаруашылығы және дайындау басқармасының агрономы.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Теміржолшылар ауыл-селоға жұмысқа баруда

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы ауыл шаруашылығы мамандарын МТС-тер мен колхоздарға өздерінің бұрынғы мамандығы бойынша жұмысқа баруға шақырып отыр. Партияның шақыруын өндіріс орындарындағы ауыл шаруашылығы мамандары қызу қуаттап, МТС-тер мен колхоздарға бару жөнінде тілек білдіріп, қалалық, аудандық партия комитеттеріне арыз беруде.

Петропавл вагон депосының слесарьлары Анатолий Травников және Петр Игнатенко жолдастар бұрын бірталай уақыт ауыл шаруашылығында жұмыс істеген болатын. Олардың екеуі де тракторшылар, өз ісінің шеберлері. Пленум қаулысына жауап ретінде Травников тілек білдірді. Бұлармен бірге бұрын МТС-те слесарь болып істеген вагон депосының электр қуатымен болат балқытушысы Авдонин және арнаулы мамандығы бар тракторшы Полянский жолдастар да МТС-ке баруға тілек білдірді. Авдонин, Полянский жолдастар Полудень ауданының МТС-теріне баруға жолдама алды.

Мамлют станциясы теміржолшыларының бұрын ауыл шаруашылығында болған мамандары да колхоздар мен МТС-терге бару жөнінде тілек білдіруде. Станцияның жұмысшылары — комбайншы мамандығы бар Смолкин және Чернышенко жолдастар Мамлют ауданы МТС-терінің біріне жұмысқа жіберуді сұрап, аудандық партия комитетіне

Колхоз кадрларын даярлау

Петропавл қаласындағы колхоз кадрлары мектебінде Қазақстанның солтүстік облыстары үшін жыл сайын көптеген ауылшаруашылық мамандары даярланып келеді. Мектепті 1947 жылдан 1952 жылға дейін жылдық, екіжылдық, үшжылдық арнаулы мерзімдегі курстерде оқыған 200 адам бітіріп шықты. Оларға ауыл шаруашылығының техник-ұйымдастырушысы, кіші агроном атағы берілді. Сонымен бірге, мұнда іріленген колхоздардың 40 председательдері және 27 қой өсіруші мамандар білімдерін көтерді.

Быйыл мектепті 109 адам бітіреді. Жуырда мектепте мемлекеттік емтихан басталды. Мектептің оқу озаттары Совет Одағының Батыры Ершов, Любых, Ксенженко, Тазиков, Мұратов жолдастар оқуды аяқтағаннан кейін өздері келген колхоздарға баратын болып белгіленді.

Мектепті бітірушілер СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің алдына қойған орасан зор міндеттерді абройлы жүзеге асыру жолында теориялық алған білімдерін іс жүзінде қолдана отырып, колхоз өндірісінде өнегелі қызмет етеді.

Қоғамдық мал үшін

Полудень ауданындағы «Пламя революций» колхозының мүшелері үстіміздегі жылғы мал қыстату маусымын үлгілі әзірлікпен қарсы алғалы отыр. Олар жеткілікті дайындалған жемшөпті мал қораларының жанына тасып алды. Қыста малдың азықтан тарықпауы үшін сабан-топан жыйнудың да маңызы ерекше. Мұны жете түсінген колхозшылар 2500 центнер сабан мен топан маялады.

Қоғамдық малды кең, жылы, жарық қоралармен қамтамасыз ету жұмысы да жақсы ұйымдастырылды. Ескі қоралар тегісінен сапалы жөндеуден өтті. Жаңадан стандартты 3 мал қорасы салынды.

Фермадағы еңбекті көп керек ететін жұмыстардың едәуірі механикаландырылған. Ферма азық буландырғыштар мен шөп турағыштар іске қосылатын

оның үстіне себу нормасы толық сақталмайды. Осат колхоздар мен совхоздар кеңінен қолданып жүрген картоп отырғызудың және овощь дақылдарын егудің жаңа, прогрестік әдісі —шаршы-ұялап отырғызу әдісі дұрыс қолданылмайды. Картоптың қатараралығын баптау жұмысы нашар және кешіктіріліп жүргізіледі. Овощь дақылдарының егісін күту —қатараралықтарды қопсыту, түптеу, суару, үстеп коректендіру, арам шөптерді отау жұмыстары да мезгілінде және сапалы жүргізілмейді. Сонымен бірге картоп пен овощь кеш және сапасыз жыйналады. Мұның өзі олардың ысырапқа ұшырауына, злынатын өнімнің кемуіне әкеліп соғады.

Картоп пен овощь жыйнауды ойдағыдай өткізу, бұл дақылдарды дайындау жоспарын орындау —картоп, овощь шаруашылығын онан әрі өркендету жолындағы аса маңызды қадам. Міне, сондықтан да, ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті 1953 жылы колхоздар мен совхоздарда овощь дақылдарының бүкіл өнімін ысырапсыз жыйнауды орынды талап етіп отыр. Бірақ, амал не облыс Картоп жыйнауға икемделген машиналарды кеңінен пайдалану қажет. Егіннің өнімін есепке алу қатаң бақылануы тиіс. МТС басшылары картоп жыйнауды механика күшімен жүргізіп, бұл жұмыстардың ең қысқа мерзім ішінде сапалы аяқталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Ауыл шаруашылығы және дайындау орындарының басшылары әрбір колхоз бен совхозды картоп, овощь егістері үшін керекті тұқыммен толық қамтамасыз етуге баса көңіл аударулары керек. Картоп тұқымы бұл егістің ең мол өнімді түрінен жыйналып, кептіріліп және тазартылып, ұқыпты жабдықталған көмбелерде сақталуы қажет.

Картоп пен овощь өнімдерін жыйнау және дайындау, олардың жаксы сортты тұқымдарын әрбір колхоз бен совхозда жеткілікті мөлшерде құйып алу жөніндегі шараларды жүзеге асыру ісінде партия ұйымдарының басшылық- ұйымдастыруышылық жұмысын күшейту — аудандық партия комитеттерінің және ауыл-село бастауыш партия ұйымдарының аса маңызды міндеті.

Ауыл шаруашылығына барынша толық көмек көрсету үшін

Комплексті өсімдік шаруашылығы мен шөлейт жерлерді игеру проблемасын шешудің Қазақстан үшін халықшаруашылық зор маңызы бар. Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтының Приарал тәжрибе станциясының коллективі осы проблеманы шешу үшін ойдағыдай жұмыс істеуде. Станция Ақтөбе облысының Шалқар ауданында орналасқан. Бұл аудан—республиканың неғұрлым аз зерттелген, табиғат жағдайы ызғарлы келетін және жерінің көпшілігі құмды аудандарының бірі. Станцияның коллективі СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысын қызу қарсы алды. Станцияның директоры, Сталиндік сыйлықтың лауреаты П. А. Малюгин ҚазТАГ-тың тілшісімен әңгімелескенде мынаны айтты:

—Станция ауылшаруашылық дақылдары мен шөптің болашағы зор сорттарын өсіріп шығарды. Олар Ақтөбе облысында ғана емес, сонымен бірге, Қазақстаннан басқа жерлерге де кең таралды. Ақтөбе облысында біздің селекция өсірген сорттардың егіс көлемі 10 мың гектардан асып отыр. Шалқар ауданындағы «Қызыл жұлдыз» колхозы тәжрибе станциясының көмегімен суармалы участокте әр гектардан 400 центнер картоп алды. Ырғыз ауданының колхоздарында да осындай өнім өсірілді.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы қаулысымен танысып, біздің коллектив жемшөп өндіру, овощь шаруашылығын өркендету, қатты бидай өсіру ісінде колхоздар мен совхоздарға көмек көрсету шараларын белгіледі. Ақтөбе облысының оңтүстік аудандарында егіншілікті неғұрлым тез өркендетіп, онда азық- түлік базасын жасау шаралары қарастырылып отыр.

Өткен жылы шөлейт және сортаң жерлерде табиғи шабындық пен жайылымды негізінен жақсарту әдістерін белгілей отырып, станция шөп араласқан еркекшөп пен беденің суарылмайтын егісінің әр гектарынан 13 центнерден пішен жыйнады. Бұл тәжрибе бізде аралас шөп егу жолымен мол өнімді шабындық жасауға болады деген сенімге келтірді. Алдағы жылы станция Шалқар ауданының ауылшаруашылық артельдерінің осындай әдіспен 300 гектарға жуық шабындықты жақсартуына көмектеседі.

Дәнді дақыл мен шөп егістерін суару үшін артезиан құдықтарының суын пайдалануды зерттеу, станция жұмысындағы жаңа тарау болады. Осы бағытта жүргізілген тәжрибелер де картоп отырғызуда жақсы нәтижелер берді.

Белгіленген шараларды жүзеге асыру ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде біздің колхоздар мен совхоздарға елеулі көмек көрсетуімізге көмектеседі.

Курорттағы жаңа вокзал

БУРАБАЙ (КҰРОРТЫ. (Көкшетау облысы). (ҚазТАГ). Бурабай курортын көпшілік жақсы біледі. Мұнда денсаулығын түзеу үшін еліміздің барлық түкпірінен жұмысшылар, колхозшылар және қызметшілер келеді. Жуырда Бурабай станциясында жолаушыларға арналған үлкен жаңа вокзалдың құрылысы аяқталды. Вокзал үйі архитектуралық өрнектермен әсемделген. Жолаушыларға арналған ішкі залдарды әсемдеу жұмыстары аяқталуға жақын. Жаңа вокзал Ұлы Октябрьдің 36 жылдығы мерекесі күндерінде ашылады.

МТС—ауыл шаруашылығындағы негізгі күш

Біздің елімізде МТС-тердің комбайн, трактор парктері жыл сайын өсіп, нығайтылуда. Оған біздің МТС-тің өзіндегі фактілер ғана толық дәлел бола алады. Біздің МТС соңғы жылдарда мемлекеттен көптеген жаңа трактор мен комбайндар және басқада толып жатқан ауылшаруашылық машиналарын алды.

Қазір МТС-тің қамтуында 8 колхоз бар. Онда 16 трактор отряды жұмыс істейді. Тек быйылғы жылдың өзінде ғана МТС күшімен 5 мың гектар жер жұмысталды. Бұл өткен жылғы жұмысталған жер мөлшерімен салыстырғанда анағұрлым артық. Ал, шөп шабу науқаны кезінде МТС 34 мың гектар жердің шөбін шапты. Көктем егісі, шөп шабу және егін орағы күндерінде колхозшылар мен механизаторлардың ынтымақтасып жұмыс істеуі бұрынғыдан да жақсара түсті. Мұның өзі бұл жұмыстардың мезгілінде, сапалы аяқталуына зор мүмкіншілік туғызды.

Жыл сайын МТС-ке жас механизаторлар келіп, механизаторлардың қатары толықтырылып отырылады. Көптеген механизаторлар колхоздардың егіс далаларында қажырлы еңбек етіп жүр. Мәселен, Куйбышев атындағы колхозда жұмыс істеген комбайншы Н. Фролов жолдас быйыл 700 гектар егін орып, 7 мың центнер астық бастырды. Сол сияқты, осы колхоздағы орденді комбайншы Кириллов жолдас та 700 гектарға жуық егін орып, 10315 центнер астық бастырды. Фролов жолдас 121 килограмм, ал, Кириллов жолдас 167 килограмм жанар, жағар майларын үнемдеп, мемлекетке көптеген пайда келтірді. Олар өздерінің еңбектеріне 3 мың сомнан ақша және жүздеген пұт астық алды.

МТС қамтыйтын колхоздарда 18 жабық қырман бар. Бұл қырмандардағы астық ты тазартып, жеңдету, үю жұмыстары түгелінен дерлік механикаландырылды. Колхоздардың астық қырмандарында 3 астық пульті, 4 «ВИМ» астық тазалауға бейімделген, 7 шөп кескіш және басқа машиналар жұмыс істейді. Мұның үстіне пайдаланудан қалған бір ескі «ВИМ»-ді астық тазалауға бейімдеп, қайта жөндеп шығардық. Мұнымен тәуліғіне 600 центнер астық тазалауға болады.

Бұл күндері МТС-тің қамтуындағы бірқатар колхоздар егін ору және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын аяқтап, келесі жылдың егісі үшін зябь, пар жырту жұмыстарына қызу кірісті. МТС бойынша трактор жұмысының жылдық жоспары көзірдің өзінде 82,7 процент орындалды. 7500 килограмм жағар, жанар майлары үнемделді.

Соңғы уақытта МТС мал шаруашылығындағы адам күшін көп тілейтін жұмыстарды механикаландыруға ерекше көңіл беліп отыр. Үстіміздегі жылы Куйбышев атындағы колхозда стандартты мал қорасы салынды. Мұнда ыспалы жол, электрмен сыйыр сауу машинасы, концентратты, мал азығын ұнтақтайтын және құнарлы мал азығын ұнтақтап, буландыратын машиналар жұмыс істейтін болады. Осы сияқты, басқа колхоздарда да мал шаруашылығындағы адам күшін көп тілейтін жұмыстарды механикаландыру шараларын белгілеп отырмыз.

Бірақ та, біздің МТС-те әлі де болса, адам күшін көп тілейтін жұмыстар толық механикаландырылмай отыр. Осы уақытқа дейін шөп шөмелелеу, маялау жұмыстары механикаландырылған жоқ. Маман кадрлардың жетімсіздігінен электр қуаты арқылы жүргізілетін сыйыр сауатын, қой қырқатын агрегаттар толық жұмысқа қосылмай келді. Комбайндар мен тракторлардың егіс даласында тоқтап тұрған уақыттары да болды.

Бірқатар колхоздардың басшылары мал қыстату маусымына әзірлікті өте кеш колға алады. Сөйтіп, стандартты қораны салуға үлгермейтін болғандықтан жабайы мал қораларды салумен шұғылданады. Ал, жабайы қора механиканы толық пайдалануға мүмкіндік бермейді. Сол сияқты кейбір колхоздарда мал қораларын салатын құрылыс бригадалары тұрақтандырылмады. МТС және оның қамтуындағы колхоздар құнарлы мал азығындық тамыржемісті, суданка, біржылдық және көпжылдық бидайық, күнбағыс, жүгері, картоп сияқты егіс көлемін кеңейтудің қажеттігіне жете көңіл бөлмеді. Мұның өзі қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендетуге, өртүлік бойынша мал басын өсірудің жылдық жоспарын орындауға және оның өнімділігін арттыруға едәуір кедергі жасап келді.

Бұл күндері МТС коллективі өзінің қамтуындағы колхоз басқармаларымен кеңесе отырып, жоғарыда аталған кемшіліктерді жоюға бағытталған бірқатар шаралар белгіледі. Алдымыздағы жылы мал азығындық дақылдардың егіс көлемін кеңейтуді жоспарлап отырмыз. Олардың тұқымын әзірлеуге көмектесу үшін колхоздарға МТС-тің участоктік агрономдары жіберіледі. Сол сияқты, мал қоралары да арнаулы жоба бойынша, стандартты болып салынып, ондағы адам күшін көп тілейтін жұмыстардың барлығы толық механикаландырылатын болады. МТС қамтуындағы колхоздар келесі жылдың егісі үшін тұқымды тазалап, оны қамбаларға құю жұмыстарын қызу жүргізуде.

МТС жұмысының табысты болуы механизатор кадрларының тұрақтандырылуына, олардың теориялық білімдерінің жеткілікті, тәжрибелерінің мол болуына байланысты. Солай бола тұрса да, бізде бұл жұмыстар жөнінде әлі де болса, елеулі кемшіліктер бар. Біз механизаторлардың білімін толықтыру мәселесін колға ала алмай келеміз. Олардың ойдағыдай жұмыс істеуіне жағдай жасай алмай жүрміз. Сондықтан бірнеше механизаторлардың МТС-тен кетіп қалу фактілері де болды.

СОКП Орталық Комитеті Пленумы бұл кемшіліктерді деркезінде жоюдың жолын көрсетіп берді. Кезір бұрын МТС-тен кетіп қалған механизаторлардан МТС директорының атына жұмысқа алуды сұраған арыздар күн сайын түсіп жатыр. Олардың жұмыс істеуіне толық жағдай туғызып, тұрғын үйлермен және басқа да қажеттермен қамтамасыз ету, машина-трактор станциялары басшыларының бүгінгі таңдағы кезек күттірмейтін басты міндеті.

Пленум қаулысында әрбір МТС-те тракторды және ауылшаруашылық машиналарын жөндейтін мастерскойлар, гараждар, жәшілер салып, МТС-тердің мамандарына және жұмысшыларына арнап тұрғын үйлер салу шаралары көзделген.

Біздің МТС Пленум қойған бұл міндеттерді жүзеге асыруға кірісе бастады. Быйыл МТС қызметкерлеріне арнап, жаңадан төрт бөлмелі тұрғын үй салдық. Сондай-ақ, МТС қасындағы жатақхана жөнделіп, кеңейтілді. Оған керекті төсек-орын, кроватьтар сатып алынды. Тағы да бірнеше тұрғын үй салмақпыз.

МТС-те алдыңғы қатарлы механизаторлар көптеп саналады. Олардың іс тәжрибелерін өндірістік жыйналыстар, үгітшілердің әңгімелері, жауынгерлік листоктар, қабырға газеттері арқылы насихаттап отырамыз. № 9 және № 12 трактор бригадалары (бригадирлері Харитонов, Мурых жолдастар) трактор жұмысының жылдық жоспарын бірінші октябрьге дейін 100 процеттен орындады. Сондай-ақ жағар және жанар майларын көптеп үнемдеді.

Біздің МТС Ленин атындағы МТС пен социалистік жарысқа түсті. МТС-тің өндірістік жұмыстағы көрсеткіштерін, алдыңғы қатарлы механизаторлардың іс-тәжрибелерін арнаулы бюллетень арқылы ауысып оқып отырамыз. Будан екі МТС-тегі жұмыстың барысы әрбір механизаторларға белгілі болып отырады.

Машина-трактор станциясының алдында зор міндеттер тұр. СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын басшылыққа ала отырып, біздің МТС-тің коллективі бұл міндеттерді аброймен орындап шығады.

Н. СЕРДЮК,
Приишім МТС-нің директоры.

Мелиоративтік жаңа отрядтар

Үстіміздегі жылы облысымыздың Куйбышев атындағы, Калинин атындағы және Коновалов МТС-тері жанынан колхоздар мен МТС-терді қамту үшін мелиоративтік отрядтар ұйымдастырылды.

Октябрь ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозында Коновалов МТС нің мелиоративтік отряды кезірдің өзінде платина жасады. Чапаев атындағы колхозда котлован қазылды.

Мелиоративтік отрядтар кезіргі заман техникасымен барған сайын көптеп қарулануда. Жуырда бұл отрядтар 4 грейдер, «ДТ—54» тракторымен бірге 2 бульдозер, 15 скрепер, бір бұрғылау станогін, 2 «С—80» тракторын, 6 «ЗИС —585» автомашина және автомашинаға орнатылған «А» типті 3 жылжымалы мастерской алды.

МТС қамтуындағы барлық колхоздарда мелиоративтік жұмыстар кеңінен өріс алуда.

Р. ӘЛИЕВ.

ҰТЫСТАРДЫ ТӨЛЕУ

Үстіміздегі жылдың 10—25 сентябрі арасында Петропавл қаласындағы жыйнақ кассалары халық шаруашылығын қалпына келтіру және өркендетудің төртінші мемлекеттік заемының 8 және екінші заемының 12 тиражы бойынша 588 мың сом ұтыстар төледі.

Қаланың сақтық кассалары 10 облигацияға ірі ұтыстар төледі. Бұл ұтыстардың ішінде 50 мың, 25 мың, 10 мың сом ұтқан облигациялар бар.

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

„Мир“ колхозында

«Мир» ауылшаруашылық артелінің (Ленин ауданы) шаруашылығы үздіксіз өсіп, нығайып келеді. Үстіміздегі жылы колхоз сыйыр сауатын әлектр агрегатын сатып алды. Кезір жел двигателі орнатылып болып, мал суаратын құдық қазылды және ол пайдалануға берілді. Жаңа май заводын монтаждау аяқталды, сол сияқты, жаңа диірмен жұмыс істей бастады.

Кезір колхозда үлкен төл үйінің және жұмыс малына арналған қора құрылысы қызу қарқынмен жүргізілуде. Магазин мен колхоз басқармасының жаңа үйінің құрылысы аяқталуға жуық. Мұнда агрономиялық және зоотехникалық-малдәрігерлік кабинеттер салынып жатыр. Бұл кабинеттер үшін қажетті жабдықтар сатып алынуда.

А. РАМАЗАНОВ.

СОВЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ

Игілікті бастаманың жақсы нәтижесі

Біздің Александровка селолық Советінің депутаттары мен активтері мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу жөнінде осы жылғы июнь айында облысымыздың барлық ауыл -селолық Советтерінің депутаттарына, активтеріне, жұмысшыларына, колхозшылары мен қызметшілеріне үндеу жазып, игілікті істің инициаторы болды. Әрине, мұндай бастаманың, демек, жаңа оқу жылына тыңғылықты әзірлену жөніндегі социалистік жарыстың жаршысы болғандықтан біздің Советтің депутаттары мен активтеріне көп жұмыс істеп, басқа ауыл- селолық Советтердің депутаттары мен активтеріне үлгі көрсетуге тура келді. Бұл міндеттерін жақсы түсінген олар мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеуге белсене кірісті де.

Біздің Советте бұрын орта мектеп болмады. Мұның өзі орта мектепте оқуға тиісті село оқушыларын басқа селолар мен қалаларға барып оқуға мәжбүр етті. Сондықтан біз, үндеуде көрсетілгендей, Воровский атындағы колхоздың орталығынан онжылдық мектеп ашуға, ол үшін жаңадан мектеп үйін салуға міндеттендік. Біз бұл міндеттемені аброймен орындап шықтық. Бес класс орналасатын бөлмелері және директор мен оқытушылар қызмет істейтін кабинеттері бар үлкен мектеп үйін салдық. Мектептің барлық құрылыс жұмыстары ойдағыдай аяқталды. Бұдан басқа мектеп үшін бұрын салынған екі үй бар еді, оқу жылы басталғанша оларды да сапалы жөндеуден өткіздік. Сондай- ақ қоғамдық интернатқа алынған балалардың жатақ үйі де жақсы жабдықталды. Мектеп жанында спорт алаңдары бар. Политехникалық оқу үшін арнаулы мастерской ұйымдастырылды. Сейтіп, оқушылардың ауасы және жарығы мол, кең бөлмелерде оқуына, үлгілі спорт алаңдарында шынығып, тәрбиеленуіне қолайлы жағдай жасалды.

Біздің мектепте 16 мұғалім бар. Олардың барлығы тұрғын үйлермен қамтамасыз етілді. Мектеп пен интернат және мұғалімдер үшін 300 текшеметр отын дайындауға міндеттенген болатынбыз. Бұл отын толық дайындалды. Бұл жұмыстардың барлығына селолық Советтің депутаттары, активтері мен бірге Воровский атындағы колхоздың колхозшылары да белсене қатысып, көп көмек жасады. Олар балаларының өз селосында оқып, орта білім алуына зор мақтаныш сезімімен қарады. Сондықтан да мектеп салуға колхоз құрылыс материалдарын, қаржы, көлік күштерін аямады.

Село еңбекшілерінің осы сыяқты, игілікті бастамасы, қажырлы еңбектері өзінің жақсы нәтижелерін берді. Оқу 1 сентябрь күні толық әзірлікпен басталды. Қазір 291 бала оқып жүр. Демек, селолық Совет көмегімен мектепке қамтылмай қалған бірде- бір оқушы жоқ.

Оқу жылының алғашқы күндерінен бастап, мектептің комсомол, пионер ұйымдары өздерінің жұмыстарына кірісті. Қазір мектепте 30 комсомолец, 126 пионер бар. Бұл ұйымдар партия ұйымының басшылығымен жұмыс істейді. Олар мектептегі оқу ісіне және эн, хор, би, музыка сыяқты үйірмелердің жұмыстарына көмектеседі. Селолық Советтің мұғалімдерден де депутаттары мен активтері бар. Олар мектептің ішкі ұйымдастыру жұмыстарын жақсартуға белсене қатысып келеді.

Мұғалім мектептегі негізгі тұлға болып саналады. Мектепте оқу сапасының артуы, тәрбие жұмысының ойдағыдай жүргізілуі негізінен мұғалімдерге байланысты. Осыны ескере отырып, селолық Совет өзінің тұрақты комиссиялары арқылы мұғалімдер коллективіне тиісті көмегін көрсетіп келеді. Әсресе, оқу- атарту жұмысы жөніндегі тұрақты комиссияның мүшелері мұғалімдердің кеңесіне қатысып, оқу-тәрбие жұмысын жақсарта беруге бағытталған ұсыныстарын айтып, мектеп өміріне күнбе-күн араласып отырады.

Біздің Александровка мектебінде оқу жылының алғашқы күндерінде осылар сыяқты бірқатар істелген жұмыстармен бірге әлі де болса едәуір кемшіліктер бар. Оны айтпай, бүркен қалу дұрыс болмас еді. Кемшіліктің басысы сол—мектепте қазақ тілі, орыс әдебиеті, география, физика, ССРО тарихы пәндерін өткізуге керекті оқулықтар жеткіліксіз. Бұл жөнінде мектептің директоры Л. Зибаров жолдас екеуіміз аудандық оқу бөлімі мен тұтынушылар одағына талай рет айттық. Алайда, олар біздің мектептерімізді қажетті құралдармен жеткілікті мөлшерде жабдықтай алмай келеді. Оқулықтың жетіспеуі оқу сапасына көрсінше әсерін тигізетіні мәлім. Бұл мәселе аудандық, облыстық оқу бөлімдері мен тұтынушылар одақтарының ауыл -село мектептерін оқулықтармен толық қамтамасыз етуін талап етеді.

Коммунистік партия мен совет мемлекеті совет жастарына зор қамқорлық көрсетіп, олардың оқып, терең білім алуына, коммунистік қоғамның белсенді құрылысшысы болып шығуына толық жағдай жасап отыр. Мұны партияның XIX съезінде қабылданған бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларда көрсетілген цифрлар мен фактілерден айқын көруге болады. Біздің селолық Советтің депутаттары мен активтерінің мақсаты —халық ағарту ісін жақсарта беру жөнінде партиямыз бен үкметіміздің алға қойған міндеттерін мінсіз жүзеге асыру. Сейтіп, оқу жылын үлгілі өткізіп, оны табысты аяқтау. Ал, бұл үшін бізде мүмкіншіліктің бәрі де бар.

П. БРОМОТ,

Ленин ауданы, Александровка селолық Советі атқомінің председателі.

Еңбекшілер дабылына жете назар аударылсын

Совет мекемелеріне және ұйымдарға бірнеше ай бойы Гамолинның столына

Герман Демократиялық Республикасы—бүкіл Германияның бейбітшіл күштерінің тірегі

ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленковтың быйылғы жылы 22 августа сөйлеген сөзінде айтқанындай, көзіргі уақытта Германия өз тарихының аса жауапты кезеңін бастан кешіруде. Герман халқының алдында тарихи міндет —агрессияшыл күштердің жоспарын сәтсіздікке ұшырату, өзінің ұлттық бірлігін қалпына келтіру, Германияны бейбітшіл, демократиялық мемлекетке айналдыру міндеті тұр.

Германия Европада бейбітшілік пен хауіп сіздікті нығайтудың аса маңызды факторларының бірі бола алады, немесе жаңа агрессияның европалық басты ошағы болады.

Егер бейбітшілік пен демократия күштері, соның ішінде Герман Демократиялық Республикасы да, біртұтас бейбітшіл Германия құруды көксеп отырған болса, Бонн өкмет орындары және олардың мұхиттың арғы жағындағы қожайындары Германияның белшектелуін меңгіге қалдыруға, оның батыс бөлегін Европадағы жаңа соғыс тірегіне айналдыруға ашықтан-ашық үміт артып отыр.

Батыс Германияның және Американың монополистері мен империалистерінің агентурасы болып табылатын Аденауэр тобының 6 сентябрьде парламент сайлауында террор ,алдау және демагогия арқылы Бонн бундестагінің құрамында күшеюі герман халқының басына төнген хауіптің қаншалықты зор екендігін айқын көрсетеді. Батыс Германияның экономикасында ғана емес, саяси тұрмысында да бейбітшілік пен демократияның қас жаулары—капитал шонжарлары, кек алушы фашистік элементтер өздерінің үстемдігін орнатып отыр. Осы жағдай ағы тілекті неміс тердің біртұтас және бейбітшіл Германия жолындағы күресін шамадан тыс қыйындатты, герман агрессиясының қайта туу хауіпін жақындата түсті.

Сондықтан Германияның тағдырын бүкіл адамзат ойлап отыр. Жалпы хауіпсіздіктің маңызды мәселесінің шешілуі неміс халқының қандай жолға түсетіндігіне байланысты екенін бүкіл адамзат біледі.

«Бейбітшіл Совет Одағының өмір сүруімен қатар, —деп жазды И. В. Сталин,— бейбітшіл демократиялық Германияның өмір сүруі Европада жаңа соғыстардың болу мүмкіншілігіне жол бермейтіндігіне, Европада қантөгісті біржолата жоятындығына және дүниежүзілік империалистердің европалық елдерді кіріптарлыққа түсіруіне мүмкіншілік қалдырмайтынына күмән болуы мүмкін емес».

Герман халқы өзінің көп ғасырлық тарихының өн бойында өз отанының еркін, демократиялық және бейбітшіл мемлекет болуына ұмтылып келді.

Бірақ бұл ізгі арманды жүзеге асырудың нақтылы мүмкіндіктері жақында ғана, Совет Армиясы гитлерлік Германияны талқандап, 1949 жылы 7 октябрьде Герман Демократиялық Республикасы құрылғаннан кейін ғана туды.

Өзінің төрт жыл өмір сүруінің ішінде мәселені шешу үшін бірлескен кеңестер өткізуді ұсынды. Батыс Германия парламентіне алты рет сөз салды.

1952 жылғы сентябрьде ГДР Халық палатасының делегациясы бундестагтың председателі Элерске Германияны қайта біріктіру мәселесі жөнінде жаңа ұсыныстар жасап, хат жазды.

1953 жылы июльде ГДР Министрлер Советі арнаулы қарарында Германияны қайта біріктіру және онымен бітім договоры жасалуы мәселелері жөнінде Шығыс және Батыс Германия немістерінің арасында келісім жасасуға тағыда әзірлік білдірді. ГДР үкметі бұл шараларды талқылау үшін ең қысқа мерзім ішінде жалпыгерманиялық кеңес шақыруды ұсынды.

Быйылғы жылы августың аяғында Халық палатасы Батыс Германияның парламентімен бірге, жалпыға бірдей еркін герман сайлауын өткізуге әзірлену ісімен дереу шұғылданатын уақытша жалпыгерманиялық үкмет құруды тағыда ұсынды.

Біртұтас және бейбітшіл Германия құруға ұмтыла отырып, Герман Демократиялық Республикасы елді демократияландыру жолында, Батыс Германияны ремилитаризациялауға қарсы дәйекті күрес жүргізуде.

Герман Демократиялық Республикасы өзінің жерінде барлық монополиялар мен концерндерді, помещиктік жер иеленушілікті, барлық милитаристік және фашистік партиялар мен ұйымдарды толық жойып, бейбіт және демократиялық даму жолына берік аяқ басты. Мұнымен бірге, Герман Демократиялық Республикасы Батыс Германия империалистері мен мұхиттың арғы жағындағы империалистердің Батыс Германия жерінде милитаризмді қайта тудыруға бағытталған саясатын үздіксіз әшкерелеуде, шетел империалистерінің және Бонн кек алушыларының ГДР-та және көршілес елдерге қарсы барлық әрекеттерін әшкерелеп отырады. 17 июньде Берлинде болған, герман халқының және бейбітшілік пен демократия лагерінің барлық елдерінің бейбітшілігі мен хауіпсіздігін бұзу үшін американ және батысгерманиялық соғыс өртін тұтандырушылар ұйымдастырған фашистік арандатушылық жұрттың әлі есінде.

Бұл арандатушылықтың іске аспай қалуы—ГДР-дың күш-қуаты және оның халқының жаңа Германия жолындағы күресте бірлігінің артып отырғандығының дәлелі.

Герман Демократиялық Республикасының бейбіт экономиканы барынша дамыту саласындағы қажырлы жұмысы да бүкіл Германияның бейбітшіл күштерін нығайтуға бағытталған. Бұл жұмыс бүкіл герман халқының мүддесі үшін, оның бақытты және тәуелсіз болашағы үшін жүргізілуде. Бұл жағынан алғанда Герман Демократиялық Республикасы өзі өмір сүріп отырған төрт жылдың ішінде зор табыстарға жетті. Мына фактіні келтірсе де жеткілікті: ГДР-да өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1952 жылы соғыстан бұрынғы дәрежен бұрын, Совет Одағының қалтқысыз туысқандық көмегі арқасында ГДР халқын жабдықтау ісін жақсарту көзірдің өзінде-ақ мүмкін болды, деп атап көрсетті. Бұл уақыттың ішінде ГДР-та ет жеткізілуі үш есе, май жеткізілуі —үш еседен аса, мақта-маталардың жеткізілуі бір жарым еседен аса артты және тағы басқалары. 1953 жылдың екінші жартысында ГДР-да товар айналымы быйылғы жылдың бірінші жартысындағымен салыстырғанда 30 процент артады. Республикада жұмысшылардың бірқатар категорияларының жалақысы көбейтілді, товардың бағасы арзандатылды. Шаруалар, қолөнершілер және ұсақ кәсіп иелері мемлекеттен үлкен көмек алды. Тұрғын үй құрылысын күшейтуге және басқаларына қосымша 600 миллион марка бөлінді.

Герман Демократиялық Республикасы демократиялық лагерьдің барлық елдерімен достық қатынастарды және ынтымақты үздіксіз нығайта отырып, бүкіл Германияның бейбітшілік күштерінің сүйеніші болу жөніндегі өзінің ролін ақтап отыр. Егер Батыс Германия Аденауэр тобының агрессиялық саясаты салдарынан шығыстағы көршілерімен де, батыстағы көршілерімен де өзінің қатынастарын үнемі шиеленістіріп отырса, Герман Демократиялық Республикасы барлық бейбітшіл елдермен достық саяси және экономикалық байланыстарын нығайтуға ұмтылуда. 1953 жылдың өзінде ғана ГДР-дың сыртқы сауда көлемі өткен жылғымен салыстырғанда 33 процент арттырылмақ болып белгіленді. ГДР баспасөзінің атап көрсетуіне қарағанда, Совет Одағымен сауданың іс жүзінде күшеюі нәтижесінде сыртқы сауда көлемі артуының бұл қарқыны анағұрлым асып түседі. ССРО-мен сауда байланыстарын едәуір күшейтудің үстіне, Герман Демократиялық Республикасымен, Поляк және Чехословак республикаларымен, Венгриямен, Болгариямен, Румыниямен, Албаниямен, Корей Халық- Демократиялық Республикасымен тығыз сауда байланыстарын орнатты. Бұл елдермен сауда қатынастары достық өзара көмек сыйпатында жүргізіледі.

Біртұтас, тәуелсіз, демократиялық және бейбітшіл Германия құру жолындағы күресте Герман Демократиялық Республикасы ССРО-дан, Совет халқынан зор көмек, жәрдем алып отыр. Совет Одағы ГДР-та кең экономикалық көмек көрсетіп отыр. Тек бұл ғана емес, ол халықаралық майданда герман халқының мүдделері үшін дәйекті күрес жүргізіп, оны Батыстың империалистік кемлекеттерінің тіміскіленген әрекеттерінен бөріп қорғап отыр. 20-22 августа Москвада жүргізілген совет-герман келіссөздерінің нәтижесінде жасалған келісімдер Совет Одағының позициясы қандай екенін тамаша дәлелдей алады. Бұл тарихи документтерді бүкіл герман халқы және бейбітшілік пен демократияның бүкіл лагері шын жүректен мақұлдады. Берлинде болған митингте ГДР-ның премьер-министрі О. Гротевольдің атап

Қытай-совет достығы қоғамы құрылғандығының 4 жылдығы

ПЕКИН, 5 октябрь. (СОТА). Бүгін Қытай Халық Республикасында қытай-совет достығы Қоғамының құрылғандығына 4 жыл толды. Осы уақыттың ішінде Қоғам Қытайдағы нағыз бұқаралық ұйымға айналды. Мәліметтерге қарағанда, 1953 жылдың январына дейін Қоғам өзінің қатарына 68 миллионнан астам адам біріктірген. Елде Қоғамның 1955 провинциялық, қалалық және уездік бөлімдері, фабрикалар мен заводтарда, мекемелерде 613.160 жергілікті бөлімшелері бар.

Қоғамның жұмысшы комитеті председателінің орынбасары Ли Цзян-у «Чжунсуюхао» газетінде қытай-совет достығын нығайту және советтік озат тәжірибені үйрену жөніндегі қозғалыс Қытай Халық Республикасында бұқаралық, бүкілұлттық сипатқа айналды деп жазады.

Қытай делегациясының Корей Халық-Демократиялық Республикасына жүріп кетуі

ПЕКИН, 5 октябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі 4 октябрьде Пекиннен Корей Халық- Демократиялық Республикасына бейбітшілікті қорғаудың Қытай комитетінің делегациясы жүріп кетті деп хабарлайды. Оның құрамында қытай халқының барлық топтарының өкілдері бар. Вокзалда делегацияның жүру құрметіне митингі болып, онда бейбітшілікті қорғаудың Қытай комитетінің председателі Го Мо-жо сөз сөйледі. Ол: «Сіздерге қытай халқы Корей Халық Армиясына және корей халқына қытай халқы келешекте де соғыс түсірген жарақаттарды жазуға, өзінің ұлттық экономикасын қалпына келтіріп, бейбітшілік және Кореяны біріктіру үшін күресте оларға көмектесетіндігін хабарлау сыяқты маңызды міндетті жүктеп отыр» деді.

Го Мо-жо делегацияның мүшелерінен Кореядағы қытай халық еріктілерінің жаңа өмір құруда Қытай еңбекшілерінің қолы жеткен табыстары туралы айтуды өтінді.

ГОЛЛАНДИЯДА ССРО-мен ДОСТЫҚ АЙЛЫҒЫНЫҢ АШЫЛУЫ

ГААГА, 5 октябрь. (СОТА). «Нидерланды —ССРО» совет-голланд достығының қоғамы ССРО-мен достық айлығын өткізуде. 3 октябрьде Амстердамда 4 мыңнан астам адам қатысқан айлық салтанатты түрде ашылды. «Нидерланды —ССРО» қоғамының президенті жазушы Тойн Де Фрис сөз сөйлеп, онда Совет Одағы халықтарымен достық және мәдени байланыстарды мұнан былай да нығайта беруге шақырды.

ФРАНЦИЯДА БАҒАНЫҢ ӨСУІ

түскен хаттар мен арыздар еңбекшілердің мекемелер мен ұйымдардың жұмысын жақсарту ісіне қосқан үлесі болып табылады. Сонымен бірге бұл жағдай советтік демократияның іс жүзіндегі айқын көрінісі және ол халықтың саяси белсенділігі мен творчестволық инициативасының артқандығын, бұқараның қалың ортасынан көтеріліп отырған сын мен өзара сынның еркін дамығандығын көрсетеді.

Приешім ауданының көптеген ауылдық, селолық Советтерінде, мекемелері мен ұйымдарында еңбекшілер хаттары мен арыздарын қарау жақсарып келеді. Бұлардың қатарына аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімін (бастығы Жуков жолдас), аудандық тұтынушылар одағын (председателі Любых жолдас), Боголюбово селолық Советін (председателі Котельников жолдас) қосуға болады. Аталған мекемелерде еңбекшілерден түскен хаттар мен арыздар толық есепке алынып, оларға деркезінде жауап қайтарылып отырылады. Кейбір маңызды мәселелер коллектив талқысына түсіп, жыйналыстарда талқыланады. Мәселен, аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөліміне 81 хат пен арыз түскен. Бұл арыздар мен хаттардың барлығына 2-3 күн ішінде жауаптар берілген, арыздар мен хаттарда көрсетілген кейбір бағалы ұсыныстар мен өтініштер еске алынып, оның іске асуына жағдай жасалған.

Бірақ, еңбекшілердің хаттары мен арыздарына жауапсыз қарап, оған жеткілікті көңіл бөлмейтін мекемелер мен ұйымдар да жоқ емес. Бұған мысал ретінде аудандық финанс бөлімін алуға болады. Бұл бөлімнің меңгерушісі Қалиев жолдастың атына түскен 163 арыздар мен хаттардың тек 14-і ғана тіркелген.

Аудандық оқу бөліміндегі (меңгерушісі Гамолин жолдас) жағдай да нақ осындай. Алғашқы жарты жылда бөлімге түскен 33 арыз бен хаттың көпшілігіне жауап қайтарылмаған. Ал, осы ауданда қызмет істегендігі туралы анықтама сұраған Мерешкова, Попова жолдастардың өтініштері жатып қалған.

Еңбекшілер дабылына жеңіл-желпі қарайтын кейбір ауылдық, селолық Советтер де бар. Мәселен Өрнек және Чириковка ауыл-селолық Советтерінде болғаа жағдай осыны дәлелдейді. Оларға түскен дабыл тексерілмей ұзақ жатып қалады. Мұның өзі Өрнек ауылдық Советінің председателі Әубекіров және Чириковка селолық Советінің председателі Константинов жолдастардың бұқара дабылына мән бермейтіндігін көрсетеді.

Колхозшылардың тілектері мен талаптарына құлақ асып отыру —колхоз басқармасы мүшелерінің тікелей міндеті. Ал, кейбір колхоз басшыларының бұл ақиқатты түсінгісі келмейтіндігі байқалады. Мәселен, Аманкелді атындағы колхоздың басшыларына жыл басынан бері колхозшылардан ондаған арыздар мен хаттар түскен. Бұл арыздар мен хаттарда колхоз шаруашылығын өркендетуге бағытталған талай-талай бағалы ұсыныстар да бар еді. Бірақ, колхоз председателі Мәдиев жолдас колхоз шаруашылығының өрлеуі бір өзіне байланысты болғандай, колхозшылар пікірімен есептеспейтін болған.

Ал, «Новая жизнь» колхозының председателі Шнайдер, Куйбышев атындағы колхоздың председателі Никулин жолдастар колхозшылардың хаттары мен арыздарына жауап қайтаруды, көңіл аударуға тұрарлық емес деп қарап, колхозшылардың арыздары мен хаттарының тағдырын шешуді есеншіге тапсыра салған.

Еңбекшілер дабылына жете назар аудару —жергілікті партия, совет ұйымдарының басты міндеттерінің бірі. Өйткені, әрбір еңбекшінің совет немесе партия ұйымдарына жолдаған дабылына, жеке адамның арызы деп қарамай, ол сол еңбекшінің өзі көрген кемшіліктерді ашуға және жоюға бағытталған дегдарлы іс деп ұғынатын уақыт жетті.

К. РАХМЕТОВ,
Еңбекшілер депутаттарының Приешім аудандық Советі атқару комитетінің секретары.

Селолық Совет және мал шаруашылығы

Бұл күндері Чистов совхозының жұмысшылары мен қызметшілері қуанышты күндерді басынан кешіруде. Чистов селолық Советінің депутаттары СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын село еңбекшілеріне кеңінен түсіндіруде.

Селолық Совет өзінің тұрақты комиссияларымен бірлесе отырып, Пленум қаулысын жүзеге асыру жөнінде нақтылы шаралар белгіледі. Бұған село активтері де қатыстырылды. Кәзір депутаттар мал шаруашылығын өркендету жөніндегі селолық Совет белгілеген шараларды іс жүзіне асыруға кірісе бастады.

Осы жылдың өткен 8 айы ішінде селолық Совет бойынша мал өсірудің жылдық жоспары артығымен орындалды. Жылқы өсіру 110 процент, қойешкі 117 процент, ірі қарамал 95 процент орындалды. Енді аз уақыт ішінде ірі қарамалды, оның ішінде сиыр малының жылдық жоспарының артығымен орындалуына жетісеміз. Жыл басында әр сиырдан 2000 литрге жуық сүт алуға жетістік. Сиыр фермасының меңгерушісі, депутат Молдағұлов жолдас әрбір сиырдан бір бұзау алып, оны аман өсіруді қамтамасыз етіп келеді. Мал қыстатуға әзірлік мақсы.

Біздің селолық Совет Қазақ ССР Министрлер Советінің ауыспалы Қызыл Туын алуға кандидат болып отыр. Чистов селолық Советінің депутаттары село еңбекшілерімен байланысты бұрынғыдан да күшейте отырып, қолжеткен табыстарды баянды ете береді.

Д. АГАПОВ.
Булаев ауданы, Чистов селолық Советі атқомінің председателі.

Герман Демократиялық Республикасы демократия мен бейбітшілік жолындағы күресте герман халқының тілеті мен үміті болып табылатындығын ол бүкіл герман халқына көрсетті.

Герман Демократиялық Республикасы бейбіт, демократиялық негізде елді қайтадан біріктіру жолында күресуді өзінің басты міндеттерінің бірі етіп бірден-ақ алға қойды. ГДР Халық палатасы мен үкметінің, Германияның Социалистік біртұтас партиясының, республикасының барлық баска демократиялық партиялары мен ұйымдарының қызметі осы мақсатқа бағытталып отыр.

1950 жылдың ноябрь айында ГДР премьер-министрі О. Гротеволь Германияның бірлігін жүзеге асыру, жалпыгерманиялық үкмет құру және Германиямен бітім договорын жасасу мақсатымен, жалпы Германияда құрылтай советін құру туралы Аденауэрге ұсыныс жасады. 1952 жылдың басында ғана ГДР-дың Халық палатасы мен үкметі Германияның бірлігі туралы резолюциясын бір жарым еседен аса арттыр.

Германияның Социалистік біртұтас партиясы Орталық Комитеті мен Герман Демократиялық Республикасы үкметінің бұдан үш ай бұрын қабылдаған жаңа бағытының жаңа Германия құру үшін зор маңызы бар; бұл бағыт халықтың тұрмыс дәрежесінің арттырылуын және бүкіл қоғамдық тұрмыстың одан әрі демократияландырылуын көздейді. Жаңа бағыт, делінген Германияның Социалистік біртұтас партиясы Орталық Комитетінің 15-пленумының қарарында, —мұнымен бірге ұлттық ұлы мақсатты да—бейбітшілік күштерін нығайту және Германияны қайта біріктіру ісін алға бастыру мақсатын да көздейді.

Осы қыска мерзімнің ішінде қол жеткен табыстарды корыта келіп, Германияның Социалистік біртұтас партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Вальтер Ульбрихт «Жаңа бағыт не әперді» деген мақаласында жұмыспылар мен шаруалардың табыска жетуі нәтижесінде бөлісіп берілгенін, ГДР-дың соғыс зардабына байланысты финанс-экономикалық міндеттемелерін жеңілдету жөнінде Совет үкметімен келісім жасалуы арқасында ГДР 13 миллиард маркадан астам қаражат үнемдей алады.

ГДР-дың біртұтас және бейбітшіл Германия құруға бағытталған барлық бастамаларын Совет Одағының толық қолдап отыратындығына герман халқының көзі жетті. Герман Демократиялық Республикасы бүкіл Германияның бейбітшілік сүйгіш күштерінің тірегі болып табылатындықтан да Совет Одағы оған барлық жағынан бірдей көмек көрсетіп, оны қолдауды өзінің міндеті деп санайды.

Неміс патриоттарының біртұтас демократиялық Германия құру жолындағы күресі жеңіске жеткізуге тиіс: герман халқымен бірге Европаның барлық бейбітшіл халықтары осыны көздеп отыр және осы мақсат үшін күресуде.

А. ШАТИЛОВ.

Қылмыстылар жазасын алды

Соңғы кезде зерт орындары Петропавл қаласында мемлекет пен жеке азаматтардың мүліктерін ұрлаумен шұғылданып жүрген өте хауіпті қылмыстыларды әйгілеп, оларды тұтқынға алды.

Мәселен, тұтқыннан босатылған В. Самохин, П. Истомин, Я. Сеченов, В. Носов және Н. Изюмов-Орлов дегендер адал еңбекпен шұғылданғысы келмей зорлау, талау жолына түсіп, бандиттер тобын ұйымдастырған. Пышақпен қаруланған бұл топ осы жылғы 10 августа Петропавл қаласына келіп түсіп, мұсылман зиратына орналасады. Сол күні арақ ішіп алған бандиттердің бірі —Самохин, К. дейтін азаматшаны кездестіріп, жолынан бөгеп, оны зорлайды, одан кейін оны зорлықпен бандаға қатысушылар жанына алып барады. Бұл жерде азаматшаға өздерімен бірге қылмыс істеуге қатысуды ұсынады. Азаматша К. қылмыс жолына түсуден бас тартқаннан кейін бандиттердің барлығы жыйналып алып, оның денесіне 6 жерден пышақпен жарақат түсіреді де жиіркенішті қылмыстан қашып құтылмақшы болады.

Зерт орындары қызметкерлерінің оперативтік іздестіру шараларын қолдануы нәтижесінде бұл сұмдар ұсталып, тұтқынға алынды. Облыстық соттың сот коллегиясы бандиттердің бесеуін де өркайсысын 25 жылдан еңбекпен түзеу лагеріне жіберуге, 5 жыл сайлау правосынан айруға және мал- мүлкін конфискелеуге үкім етті.

Тұтқыннан босатылған ағайынды Александр, Леонид және Михаил Шевелевтер Петропавл қаласына қайтып келгеннен кейін адал еңбекпен өмір сүрудің орнына, жеке азаматтарды тонау жолына түскен. Александр мен Леонид осы жылғы 10 июльде мас болып Б. дейтін азаматты ұрған, онан кейін оның үстіндегі коверкот костюмы мен бас киімін тартып алған. Бұл киімдерді үйлеріне әкелгеннен кейін Михаил Шевелев костюмды тазартқан, ал, тонаушылардың анасы Екатерина Шевелева балаларының қылмысты ісін жасыру үшін костюмның астарын жаңадан салған. Сөйтіп, Александр мен Леонидтің қылмысты істеріне белсене қатысқан.

Облыстық соттың қылмысты істер жөніндегі сот коллегиясы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1947 жылғы 4 июньдегі Указы бойынша Александр және Леонид Шевелевтердің өркайсысын 20 жылға, Михаил және Александра Шевелевтерді 15 жылға еңбекпен түзеу лагеріне жіберуге және 5 жылға сайлау правосынан айруға, мал- мүліктерін конфискелеуге үкім етті. Костюм иесіне қайтарылып берілді.

В. П. Фролов дейтін бұзық, тұтқыннан босатылғаннан кейін өзінің төңірегіне ешқайда жұмыс істемейтін Крутьев, Қожахметов, Рогалев сыяқты азғындарды топтастырып, олармен бірге кішкене балаларды ұру және тонаумен шұғылданған. Жоқты сылтауратып көшеде төбелес шығарып Лоскутов, Бабин дейтін азаматтарға пышақ салған. 18 май күні Фролов пен Қожахметов Войков және Кобельников дегендерді ешбір дәлелсіз пышақтап кеткен. Сол күні кешке Фролов, Крутьев, Қожахметов және Шайсұлтанов төртеуі Новиков пен Сильченконі кездестіреді. Фролов Новиковтың қолын артына қайырып, ұстап тұрғанда Қожахметов оның қалтасынан ақшасын алып, шешінуге бұйырған. Ал, адамдық бейнеден жұрдай болған қаншер Крутьев бұл екі арада Новиковті пышақтап тастаған. Сильченконы тінтіп қалтасынан ештеңе таппағансон оны соққыға жыққан.

Облыстық соттың қылмысты істер жөніндегі сот коллегиясы Фроловты 15 жылға, Рогалевті 5 жылға еңбекпен түзеу лагеріне жіберуге үкім етті. Қожахметов пен Крутьевтің қылмысы ауыр болғандықтан, арнаулы процесте қаралатын болды.

Кешірім жасалып тұтқыннан босатылған Иван Ходыкин және Федор Жучкин Петропавл қаласына келіп түскен күні- ақ пышақпен қаруланып, кешке Лазутин дейтін адамды тонамақ болған. Ходыкин қылмыс жасауға әрекеттенген жерінде ұсталды. Жучкин қашып кеткен жерінен қолға түсіріліп, тұтқынға алынды.

Петропавл қалалық 5-участоктік халық соты Ходыкин мен Жучкинді өркайсысын 15 жылға еңбек түзеу лагеріне жіберуге үкім етті.

Иван Кривошеев және Анатолий Грабаров өзара келісіп, қасқарая белгісіз екі адамды тонаған, сол түнде Наурызбаев дейтін азаматтың сағатын және көйлегін шешкізіп алған да өзін соққыға жыққан.

Қалалық 2-участоктік халық соты «Азаматтардың жеке меншігіне кузетті күшейту туралы» 1947 жылғы 4 июньдегі Указ бойынша Кривошеевті 20 жыл, Грабаровты 5 жыл мерзімге тұтқын жазасына кесті.

Жоғарыда аталған сыяқты қылмыс істеген айыптылар болса, оларды дереу тұтқынға алып, ісін зерттеуді қысқа уақыт ішінде аяқтау жөнінде зерт орындарына нұсқау берілді. Сот орындары қарақшылар мен кісі өлтірушілердің ісін Заң бойынша белгіленген мөлшерлі мерзімде қарап, қылмыстыларды қатаң заң жауапкершілігіне тартатын болады.

Д. ЧУВАКИН,
Облыстық прокурор.

ПАРИЖ, 5 октябрь. (СОТА). Ланьель үкметінің бағаны төмендету жөніндегі науқан жариялануына қарамастан, Францияда азық-түліктің бағасы барған сайын өсуде. Ресми апталық санақ бюллетенінің мәліметтеріне қараганда, сентябрьдің 19-нан 26-на дейін азық-түліктің 25 түрінің бағасы қымбаттаған, соның ішінде бағасын арзандатуға үкмет уәде берген май, жұмыртқа, балық, овощь, жеміс, сол сыяқты, еттің бағасы 10 процент қымбаттаған.

ЕГИПЕТТІҢ БҰРЫНҒЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІН ӨЛІМ ЖАЗАСЫНА КЕСКЕН ҮКІМ ӨМІРЛІК ТҰТҚЫН ЖАЗАСЫМЕН АУЫСТЫРЫЛДЫ

ЛОНДОН, 5 октябрь. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің хабарына қараганда, кеше Каирде, Египеттің президенті Мухаммед Нагиб председатель болып табылатын «басшы революциящышы совет» Египеттің бұрынғы премьер-министрі Ибрагим Абдель Хадиді өлім жазасына кескен үкімді өмірлік тұтқын жазасымен ауыстырғандығы ресми түрде жарияланған.

ҚОСЫМША МУНИЦИПАЛДЫҚ САЙЛАУДАҒЫ ФРАНЦУЗ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ЖЕҢІСІ

ПАРИЖ, 5 октябрь. (СОТА). «Юманите» газетінің хабарына қараганда, кеше Сен-Пьер-Де-Кор (Эндр және Луара департаменті) елді пунктіндегі қосымша муниципалдық сайлауда Француз Коммунистік партиясының кандидаты ірі жеңіске жеткен. Оған сайлаушылардың 86 проценті дауыс берген.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«НЕМАН ҮСТІНДЕГІ СӘУЛЕ»
Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖҰЛДЫЗ»
Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

ССРО Сауда министрлігінің бұйрығы бойынша Петропавлдың «Главконсерв» базасы ажыратылады.

Ажырату комиссиясы.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат—1-33, партия бөлімі —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі—3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02025. **Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің № 18 Жоғарғы баспасының баспаханасы. Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.**